

Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылының көшелерінің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қазанда № 7628 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысының негізінде және Үлкенбөкен ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, Үлкенбөкен ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылының келесі көшелерінің атаулары:

- 1) Тельмана көшесі Қабанбай батыр көшесі;
- 2) Заречная көшесі Қасым Қайсенов көшесі;
- 3) Базарная площадь көшесі Кенесары көшесі;
- 4) Степная көшесі Төле би көшесі;
- 5) Базарная көшесі Бейбітшілік көшесі;
- 6) Гоголя көшесі Қазбек би көшесі;
- 7) Ключевая көшесі Шоқан Уалиханов көшесі;
- 8) Почтовая көшесі Қали Жолжақсынов көшесі;
- 9) Беловых көшесі Әлихан Бөкейхан көшесі болып өзгертілсін.

2. Көкпекті ауданының "Үлкенбөкен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етеді:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуы қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Н. Назарханов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК